**"Он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 6 сәуірдегі N 1249 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 02 қазандағы N 1943 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қызылорда қаласының Әділет басқармасында 2009 жылы 07 қазанда N 10-1-117 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда қалалық әкімдігінің 2012 жылғы 23 карашадағы N 4929 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда қалалық әкімдігінің 2012.11.23 N 4929 Қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңдарына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 6 сәуірдегі N 1249 қаулысына (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 10-1-111 нөмірімен тіркелген, 2009 жылы 10 сәуірдегі N 27-28 (621-622) және 17 сәуірдегі N 29-30 (623-624) "Ақмешіт Ақшамы" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген 1-қосымшасында:

Қызылорда қаласында 1982-1991 жылдары туылған азаматтарды 2009-ыншы жылдың сәуір-маусым және қазан-желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке шақыру комиссиясының құрамына:

Шамшырақов Сейтек Мирасбекұлы - Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқарма бастығы, комиссия төрағасы (келісім бойынша) болып енгізілсін;

көрсетілген комиссия құрамынан Мұхамбетов Рахметулла Қамашұлы шығарылсын.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі М. Ергешбаев*

*"Келісілді"*

*Шамшырақов Сейтек Мирасбекұлы*
*Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқарма бастығы*
*29 қыркүйек 2009 жыл* _________________

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК